

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Шілтерханов Ә.Шығармалары.Екінші том.-Ордабасы.2007.
5. "Мұңлық-Зарлық" Баспаға әзірлегендер:А.Каримов және М.Низаматдинов.-Нөкис, »Қарақалпақстан» баспасы,1994.
6. Мундук - Зарлық. Кыз Дарыйка. Нарикбай:поэмалар;А.Акматалиевтің редакциясы астында. «Эл адабияты» сериясы. Он бірінші том. -Бишкек.»Шам» баспасы,2002.

ӘОЖ 81'38

СТИЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

Наурызбекова Сыйлыгүл Наурызбекқызы

sika_s@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы МҚТӘ-11 тобының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.К.Ахметова

Стилистика, стиль ұғымының мәні тілдің коммуникативтік аспектісімен, тілдің қолданысымен, қызмет ету жағдайымен тығыз байланысты. Бұл мәселе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы тілші ғалымдардың ізденістерінен көрініс табады. Солардың ішінен А.М.Пешковский, Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, Г.В.Винокур, А.Н.Гвоздев, А.И.Ефимов, В.П.Мурат еңбектерін атауға болады.

Қазақ тіл білімінде ғылыми сала ретінде кештеу пайда болғанымен, жалпы бұл мәселе төңірегінде мәселелердің зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады. А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» [1] сөз өнеріне, көркем сөз бен көсем сөзге қатысты келтірген ой толғамдары, Қ.Жұбановтың Абай поэтикасына ғылыми тұрғыда баға берген «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» [2, 250] атты мақаласы және басқа да зерттеулері бұл салада жазылған алғашқы еңбектер болды. Ал стилистика жеке ғылыми сала болып қалыптасып, өзінің мақсат-міндеттерін айқындағаннан кейін, бұл саланы М.Балақаев, М.Томанов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев, Р.Сыздық, М.Серғалиев, Б.Шалабай сынды ғалымдар жан-жақты зерттеп, құнды ғылыми еңбектер жазды.

Қазақ тіл ғылымында стилистика саласы бойынша жазыған көптеген кітаптардың авторы М.Серғалиев өз еңбегінде стиль мәселесінде екі жағдайға баса назар аударудың реті бар деп көрсетеді: "Біріншіден, стиль сөзі адамның ғана қабілетіне, қимыл әрекетіне байланысты жұмсалады, адамның ғана бойына лайық қасиеттерді көрсетеді. Әлдекім "мына ғимараттың стилін айтсаңшы" немесе "стиль деп мына ұшақты айтсаңшы!" дегендей таңдай қақтырарлық сезімін жеткізген сөзінде, сол ғимараттың жобасын жасаған сәулетшінің немесе сол ұшақтың дүниеге келуіне бар талантын жұмсаған авиаконструктордың еңбегіне сүйсінгені белгілі болып тұрады. Екінші жағынан, стиль сөзі өзі тектестердің ішінде ерекшелікті, өзгеге ұқсамауды танытатын мағынаны білдіреді" [3, 6-7]. Ғалымның бұл пікірі өте орынды, себебі кез келген нәрсе – ол өз жасаушысының дара туындысы, соған орай оның әрбір еңбегінде оның өзіндік дара қолтаңбасы, өзіне ғана тән стилдік бейнесі байқалып тұрады. Енді осы келтірілген мысалды тіл білімі турасында қарастыратын болсақ, адамның әртүрлі ортадағы сөйлеу ерекшелігі, сөз қолданысының айырмашылықтары, сөздерді қолдану реті мен оны орынды жұмсаудың мәселелері - сөз өнеріндегі стиль мәселесіне алып келеді. Сондықтан бұл тақырып - тіл білімінде үздіксіз жан-жақты зерттеуді талап ететін, қызық та күрделі тақырыптардың бірі. Қазіргі таңда стиль ұғымы тікелей адаммен байланыстырылып, ол жеке салаларда тереңінен зерттеліп жүр. Сондықтан ғалымның стиль турасында айтқан ойы бүгінгі таңға дейін өзектілігін жойған жоқ.

Сонымен қатар, М.Серғалиев стильдің 4 түрлі қасиетін былайша сипаттайды:

- 1) Стиль - тарихи категория;
- 2) Стиль - әдеби тілдің бір түрі, демек, сол тілде сөйлейтін баршаға түсінікті сөздер мен конструкциялар;

3) Стиль - қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады;

4) Стиль - тілдік құралдардың қалай болса солай тіркескен тобы емес, шартты тұйықталған тобы. [3, 26].

Біріншіден, стиль - тарихи категория. Тіл халықпен бірге ғасырдан ғасырға жетіп отырғандықтан, ол ең бірінші тарихпен тікелей байланысты болады және зерттеу барысында тіл мен тарих бір бірін толықтырып, нақты тұжырым жасауға зор септігін тигізеді.

Екіншіден, стиль қазақ әдеби тілінің даму сатысымен қатарласа сөз болып жүр. Әдеби тілдің басты белгісі нормаланған, сұрыпталған тіл болу шартын көрсетсе, ол стильдің негізгі ұстанымы болып табылады.

Үшіншіден, стиль қоғамдық қызметтің бір саласында жұмсалады, сол себепті стильдерді жіктеген кезде әртүрлі ортадағы сөз қолданысының ерекшеліктері бірінші назарға алынады.

Төртіншіден, стиль тілдік құралдардың орынды қолданылуын және оның белгілі бір ретпен орындалуын жүзеге асырады.

Стилистика қандай ғылым екенін түсіну үшін, алдымен, оның басқа пәндердің ішінде алатын орнын анықтап алу керек. Стилистика да тіл ғылымының басқа салалары сияқты тілдік құралдарды, тілдік тұлғаларды (бірліктерді) зерттейді. Бірақ олардан айырмашылығы: тілдік тұлғалардың қарым-қатынастың белгілі бір саласы мен мақсат-міндеттеріне сай қолданылу ерекшеліктерін зерттейді.

Стилистиканың, тіл ғылымының басқа салаларындай, тек өзіне ғана тән тілдік бірліктері жоқ: ол фонетиканың объектісі - дыбыстарды да, лексикологияның объектісі - сөздерді де, морфологияның объектісі - морфемаларды да, синтаксистің объектісі - сөз тіркестері мен сөйлемдерді де, солардың бәрінің жиынтығын қарастырады. Бірақ, жоғарыда айтқандай, олардың тілдік қатысымның саласы мен мақсат-міндеттеріне сай жұмсалып, қызмет ету жағдайларын зерттейді.

Стилистиканың аталған пәндерден ерекшелігі: тілдік құралдарды басқаша қырынан – қызмет ету, қолданылуы тұрғысынан, сол арқылы олардың адамға әсер етуі жағынан зерттейді. Демек, стилистика тілдік құрылымның элементтерін фонетика, лексикология, грамматика сияқты құрылысы мен мағыналары жағынан зерттеумен шектелмейді, сонымен бірге олардың қолданыс кезіндегі ерекшеліктерін, мағыналық, эмоционалдық реңктерін айқындайды.

Лингвистикалық стилистиканың негізгі зерттеу нысаны - стильдік қолданыстар болғандықтан, оның көлемінен бұрын мазмұндық ерекшеліктеріне баса назар аударылатыны ақиқат. Сол себепті "стилистиканың мазмұны мен негізгі бағыттарын айқындайтын түрлері - функционалдық стилистика немесе тіл ресурстары стилистикасы деп аталады" [3, 21]. Функционалды стилистика да кейбір еңбектерде *қолданыс тілі стилистикасы* деп те аталады. Оның бұлай аталуы да өте орынды, себебі тілдің қолданылыс аясына қарай топтастыру, өзіндік ерекшеліктерін атау, қарым-қатынас кезіндегі стильдердің бір-бірінен айырмашылықтары мен ортақ ұқсастықтарын табу - басты міндеттердің бірі.

"Функционалды стилистика өз ішінде стильдік жүйесі бойынша жіктеледі:

- ауызекі сөйлеу стилі;
- ресми стиль;
- ғылыми стиль;
- публицистикалық стиль;

- көркем әдебиет стилі (тілі)" [3, 21]. Бұл стильдердің өзіндік ерекшеліктері және қолданылу аясы бар.

Тілдің функционалдық стильдері - әдебиеттің белгілі бір жанрына немесе әлеуметтік іс-әрекеттің белгілі бір саласына немесе бір жағдайға сәйкес қалыптасқан тұлға-тәсілдер жүйесі. Олардың әрқайсысында кездесетін тілдік бірліктер – стильдердің жеке ерекшеліктері.

Стилистика мәселелерін зерттеу кезінде оны тарихи тұрғыдан қарастыру көптеген мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Сол себепті де стиль мәселесін зерттеу барасында

диохрондық стилистика мен *синхрондық стилистиканың* көптеген сұрақтарды шешуге арқау болары сөзсіз. Бірі стиль мәселесін тарихи тұрғыдан қарастырып, өткен ғасырлармен сабақтастығын алға тарса, екіншісі дәл қазіргі кезеңдерде орын алған стилистика мәселелерін зерттеумен айналысады.

Стилистика ғылымы дамыған сайын жаңа мәселелер туындап отыратыны да түсінікті. Ал оның түрлерін (салаларын, бағыттарын) анықтауда ғалымдар арасында көп пікір алшақтықтары жоқ, бірақ жіктеу кезінде ерекшеліктер кездеседі. В.В.Виноградов стилистиканың өзара бір-бірімен байланысты, бірақ өзіндік мәселелері, өзінің міндеттері, өлшемдері мен категориялары бар үш түрін бөліп көрсетеді. «Олар:

1) «жүйелердің жүйесі ретіндегі» тілдің стилистикасы немесе құрылымдық стилистика, ол тілдің функционалды стильдерін зерттейді;

2) сөйлеу (сөз) стилистикасы, ол ауызша және жазбаша сөздің қоғамдық шартталған түрлері мен жанрлары арасындағы мағыналық және экспрессивтік-стилистикалық сипаттағы айырмашылықтарды зерттейді;

3) көркем әдебиет стилистикасы, ол көркем шығарманың, жазушының стилін құрайтын барлық элементтерді зерттейді» [4, 20].

Ал ғалым М.Н.Кожина стилистиканың төрт бағытын немесе аспектісін көрсетеді.

1) Тілдің стилистикалық байлығын (қорын) зерттейтін бағыт, бұл сипаттама стилистикаға жатады, өйткені ол тілдегі барлық бояулы құралдарды, сөздер мен тілдік тұлғалардың, құрылымдардың бейнелеуіш қасиеттерін, мағыналық-функционалды мүмкіндіктерін зерттейді.

2) Функционалды стилистика. Ол функционалды стильдерді зерттейді.

3) Көркем әдебиет стильдері туралы ғылым.

4) Практикалық стилистика [5, 65].

Бұл туралы ғалым М.Серғалиев өз еңбегінде былай дейді: "Лингвистикалық стилистиканың ең басты назарда болатын екі бағыты бар. Олардың бірі - мәтіннен тысқары стилистикалық ресурстар (мүмкіндіктер); бұл аспектіні *тіл ресурстары стилистикасы* деп те атайды. Ал екіншісі тілдің қоғамдық заңдылықтары, яғни тілдік құралдардың мәтін ішінде жұмсалу заңдылықтары; бұл аспектіні *функционалды стилистика* деп атайды" [3, 19].

Бұл пікірде тілдің қарым-қатынаста қолдану ерекшелігіне қарай топтастырғанын байқаймыз. Ғалым Б.Шалабай стилистиканы келесі үш салаға жіктейді: "1. Құрылымдық стилистика немесе тіл стилистикасы; 2. Қолданымдық стилистика немесе сөз стилистикасы; 3. Көркем әдебиет стилистикасы" [6, 3]. Ғалымның бұлайша үш салаға жіктеп, көркем әдебиет стилистикасын жеке қарастыруы - көркем мәтін стилінің терең, жан-жақты зерттелуіне жол ашады. Сонымен қатар, ғалым өз еңбегінде "автор бейнесіне" баса назар аударады.

Келесі стилистиканың басқа да ерекшеліктеріне байланысты жіктеуге келетін болсақ, ғалым Серғалиев "зерттеу объектілерінің ауқымына, көлеміне байланысты жалпы стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика және ішінара стилистика және дара (индивидуалды) стилистика" [3, 19] деп жіктейді.

Стилистика ғылыми сала ретінде жаңа қалыптаса бастаған кезде стилистиканың функционалды түрлеріне баса назар аударылып, олардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттап, қолданыс аясын анықтау өзекті мәселе ретінде қарастырылып келсе, қазіргі таңда стилистиканың тамыры тереңге жайылып, оның жаңа бағыттары туралы да сөз қозғалып жүр. Олардың бірқатарына, атап айтар болсақ: ортостилистика, дара стилистика, мәтін стилистикасы, прагматилистика, экспрессивтік стилистика, тарихи стилистика, салыстырмалы-салғастырмалы стилистика, кодтау стилистикасы, декодтау стилистикасы және тағы басқалар. Стилистиканың бұлайша жан-жақты зерттелуі оның қазіргі тіл біліміндегі маңызын, өзектілін байқатады. Стилистикада мұндай бағыттардың пайда болуына қазақ әдеби тіл тарихындағы стиль ұғымының пайда болуын қайта қарау, көркем мәтіндер тілін лингвистикалық поэтикамен байланысты зерттеу, сөйлеу актілеріндегі

құрылымының жетістіктері мен тиімділігін прагматикамен бірге қарау сияқты мәселердердің себеп болғанын атап өту керек.

Жоғарыда аталған жіктеулердің атауларында өзгешелік болмаса, оларды мағыналық жағынан бір-біріне жақын деп айтуымызға болады. Мысалы, В.В.Виноградов, М.Н.Кожина, Б.Шалабай еңбектерінде аталған көркем әдебиет стилистикасында қарастырылатын автордың бейнесі, жазушы стилі мәселелері М.Серғалиев еңбегіндегі дара (индивидуалды) стилистикада қарастырылатын мәселелерге сәйкес келеді.

Стилистиканың жаңа бағыттарының бірі дара стилистика туралы Р.Әміров еңбегінде: «Дара стилистика – автордың не жеке шығарманың немесе бір жанрдың стилистикасын зерттеу нысаны. Дара стиль жеке адамның ақыл-ойын бірінші кезекке қояды» деп анықтама беріп, ауызекі сөйлеу стилін де дара стиль ретінде қарастырады [7, 8]. Ғалымның ауызекі сөйлеу стилін дара стиль ретінде қарастыру себебі – ауызекі сөйлеу стилінде кездесетін сөздердің даралық сипатынан деп түсінеміз. Осы пікірді М.Серғалиев та өз еңбегінде «Қаламгер ұғымын тек қана жазушы мағынасында қарау бір жақты болар еді, сондықтан қалам ұстап, шығармашылық дүние беретін авторлардың бәріне ортақ атау деп білген қисынды» [3, 25] деп түсіндіріп, жазушы стилі деген сөзге бір жақты қарамауға кеңес береді.

Сонымен қатар ғалым Д.А.Әлкебаеваның дара стильге берген анықтамасына тоқталсақ, «дара стиль – жазушының, ғалымның, деректі сөйлеушінің, т.б. стилі. Дара стиль – танымдық-стильдік, аналитикалық-синтездік іс-әрекет қызметі» [8, 11] деп көрсетеді. Яғни дара стиль – жеке бір адамға тән ерекшелік, қайталанбас өзгешелік және сөз қолданысындағы бейнелілігі болса, дара стилистика – дара стильді зерттейтін стилистиканың бағыты.

Ал дара стиль мен жазушы стилін байланыстыра қарайтын болсақ, бұл мәселе төңірегінде ғалым Р.Сыздық: «Жазушының тілі – ол қаламгердің жалпыға ортақ тіл қазынасынан алып көпшілікке қолданған, көптеген жазушыға тән сөздік байлық пен грамматикалық тұлға-тәсілдер, орысша айтқанда первоэлемент, яғни жазушы тілінің сүйегі» [9, 139] деген анықтама беріп, жазушы тілінің көркемдігі, шеберлігі туралы мәселені оның мәнері (стилі) деген ұғыммен байланыстыра қарайды.

Стилистиканың басқа да жаңа бағыттарының бірі туралы ғалым Д.А.Әлкебаева: „...прагматиканың «іс-әрекеті мен бітім, болмысын» айтушы мен тыңдаушының қарым-қатынасы арқылы тану стилистиканың жаңа бағытының пайда болуына негіз бола алады. Прагматилистика - стилистика ғылымының жаңа бағыты. Кез келген айтылым адресаттарға (қабылдаушыларға) ақпарат берумен қатар, оның қабылдауына ықпал ететін тілдік бірліктерді таңдайды және оның реакциясын тудырады. Прагматика адамның белгілі жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қоса қарастырады. Адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас аясындағы тілдік бірліктердің ықпал ету және әсер ету мақсатынан пайда болған туынды мәтін прагматилистика деп аталады» [8, 14] - дей келіп, стилистиканың жаңа бағытын сипаттай отырып, өзіндік қорытынды, тұжырымдар жасайды.

Сонымен қатар қатысымдық әрекеттегі қатысушылардың қызметіне қарай М.Серғалиев, Д.Әлкебаева сынды ғалымдар стилистиканың тың бағыттарының қатарына автор мен қабылдаушының арасындағы *кодтау стилистикасы* және *декодтау стилистикасы* да жататындығын айтады.

Ғалымдардың пайымдауынша, кодтау стилистикасы – тілді айтушы не жазушының стилистикасы. Бұл туынды авторының шығармашылық стиліне баса көңіл аударуды қажет етеді. Ал декодтау стилистикасы – қабылдаушының (тыңдарманның, оқырманның) стилистикасы. Декодтау стилистикасы мәтінді түсіндірудің теориялық базасы болып табылады. Шығарманың контекстіндегі коннотациялық мағынаға баса назар аудару, тілдік бірліктердің көркемдік ерекшелігін көрсету мәселесі т.б. қарастырылады.

Стилистикадағы тағы бір жаңа бағытқа тоқталар болсақ, ол – *ортостилистика*. Ортостилистика – тіл мәдениетінің және әдеби тілдің үнемі дамып отыратын жүйесінің мәселелерімен айналысатын стилистиканың бір саласы. Яғни бұл тілдік нормаларды қалыптастыратын және оны зерттейтін тілі білімінің саласы – ортология мен стилистиканың

тоғысында пайда болған жаңа бағыт. Бұл – стилистиканың тіл мәдениетімен байланысын көрсетеді.

Жалпы стилистикада стилистиканың теориялары мен заңдылықтары жалпы тіл біліміндегі секілді ауқымды, жан-жақты қарастырылады. Ал салыстырмалы-салғастырмалы стилистикада тілдер туыстығы жақын немесе туыстығы алыс тілдермен салыстырыла зерттеледі. Яғни туыстығы жақын тілдер мен туыстығы жоқ тілдердің арасында кездесетін ерекшеліктер мен айырмашылықтар, стильдік құрылымдар сөз болады.

Қазіргі таңда стилистика тек тіл білімі саласының шеңберінде ғана емес философия, психология, когнитология сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыса зерттелуде. Бұл стилистика саласының қоғаммен, таныммен, жалпы дүниенің болмысымен тығыз байланыстылығының дәлелі бола алады.

Қорытындығай келсек, стилистика - тіл білімі саласында басқа салалармен салыстырғанда кеш қалыптасқан сала болғанымен, өзінің мақсат-міндетін анықтаған, дербес сала. Осы сала бойынша жазылған еңбектерде стилистиканы жан-жақты зерттеуде пікір қайшылықтары кездессе, бұл - стилистиканы зерттеу кезінде қателіктерге алып келмейді, керісінше, оны толық зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімі қазақ әдебиетімен тығыз байланысты, сондықтан бұл екі саланы бір-бірінен жеке дара қарастыруға болмайды. Әдебиеттегі көркем мәтіндер тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны болса, тіл біліміндегі ізденістер - әдеби құбылыстар мен көркем мәтінді зерттеудегі басты құралдардың бірі. Сол себепті стилистика мәселелерін қарастырған кезде тіл білімі мен әдебиетті ұштастыра зерттеу үлкен жетістіктерге жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.
3. Серғалиев М. Стилистика негіздері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 271 б.
4. Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. – Москва: Высшая школа, 1981. – 320 с.
5. Кожина М.Н. Стилистика русского языка. – Москва: Просвещение, 1993. – 464 с.
6. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық кабинеті, 1999. - 197 б.
7. Әміров Р. Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1997. – 92 б.
8. Әлкебаева Д.А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Ф.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы: 2005. – 43 б.
9. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.

ӘОЖ: 070

БАҚ БЕТТЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНДАҒЫ ҚАТЕЛІКТЕР МЕН ЕМЛЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұржанова Райхан Қанатқызы

Raiko_96.97@mail.ru

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Филология факультетінің, «Филология:қазақ тілі» мамандығының II курс студенті, Орал, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – К.Жұмашева

Еліміз егемендігін алып, халқымыз азаттықтың ақ таңында арайланған ақ шұғылалы таңды қарсы алып тұрып, тереңнен тыныстап, талай нәубетті соқпақты жолмен келген